

Партизан –жазушы Қасым Қайсеновтың 105 жылдығына арналған

«Ел рухын көтерген ер» атты әдеби кеш-портрет

Сценарий

Қасым Қайсеновке арналған слайд жүріп тұрады.

Жүргізуші (*кітапханашы*): - Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, оқушылар!

Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, әйгілі партизан, көзі тірісінде аты аңызға айналған халқымыздың даңқты перзенті, Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың иегері, көрнекті жазушы Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл толуына арналған «Ел рухын көтерген ер» атты әдеби кеш-портретке қош келдіңіздер!

Партизан-жазушының өмір жолын назарларыңызға ұсынамыз .

1 оқыушы: Өмірбаян (Жантөре Өміржан 6 А)

Қасым Қайсеновтің өлеңі (Аңсар Болатбекұлы 7 а)

Жүргізуші: "Қасым ол қазақ емес қатардағы..."

Қасым Қайсеновке арналған ақындардың өлеңдеріне құлақ түрсек:

1 оқыушы (Мейрамбек Медина 6 а) «Барша алаштың бағасы» Мұзафар Әлімбаев

*2 оқыушы (Ерсанат Дүйсенбі, 5 а, Мейрамбек Медина 6 а) Хамит Ергалиев
«Қасым Қайсенов»*

3 оқыушы (Жантөре Өміржан ба) Асқар Егеубаев «Дара батыр»

Жүргізуші: партизан-жазушының шығармаларын оқи отырып, ой түйіп, сол кезеңді көзге елестетіп, оқыған шығармадан сахналық көрініс ұсынатын 7 а сынып оқушылары, қабыл алыңыздар...

«Жау тылындағы бала» (жауапты 7 а сыныбы, повесть қай кезеңді суреттейді, кейіпкерлері туралы не айтасыңдар, несімен ұнады, ұнамады? Сен сол кезде өмір сүрсең өзіңді қалай ұстар едің?)

Көрініс

Жүргізуші: Кезекті әнге берелік...(жауапты Аманжол аға)

Жүргізуші: Қасым Қайсеновтің соғыстан елге оралуы туралы мынадай әңгіме бар: Украиндықтар Қасымды жақсы көргендері сонша оны үйіне жібергілері келмей осында қал деп үгіттейді.

Жауынгер ақын Жұмағали Саинда Украинада болған кезінде , штабта отырғанда «Осында қазақтар бар ма?» деп сұрағанда, бар екенін айтады. Екеуі кездесіп, танысып «Сені әйелің, отбасың күтіп отыр» деп Қазақстанға алып келед. Өз үйіне алып келіп Асылға хабар жіберіп шақыртады, Қасымның келгенін айтпайды тосын сый жасамақшы болады. Асыл Жұмағали Саинның үйіне келіп сұрайды Жұмекең қайда деп, «Олар моншаға кетті» дейді. « Мені шақыртып алып, моншаға кеткені несі!?» деп далада тосып біраз жүреді. Біраздан кейін қайта кірсе теріс қарап Қасым пальтосын іліп жатыр екен, артына жалт қарап іліп жатқан палтосын тастай сала, Асылды бас салып аймалап сүйе бастайды, мұндайға үренбеген Асыл ұялып қалады. Бір уақытта Қасым Асылдың аяғына қарап: «Ей, мына пима өзіндікі ме? дейді. «Өзімдікі» деп Асыл да күледі. Жеті жылдан кейінгі алғашқы кездесулері осылай басталып, әрі қарай отбасы болып өлі-өлгенше ұзақ өмір кешеді.

Қазақта орны бөлек тұлға Отан үшін от кешіп, бейбіт заманның да таңын атырып, кешін батырды. Ол бүгіндері біздің арамыздан алыстап кетті. Бірақ елі оны ұмытқан емес. Ұмытпайды да...

Қасым Қайсенов батырымыз жайлы «Қасым» атты кинофильм де түсірілген болатын, деректі фильмдерде жеткілікті, назарларыңызға «Қазақтың қаһарман ұлы Қасым Қайсенов» атты бейнебаян ұсынамыз.

Бейнебаян көру.

Назарларыңызға рахмет!!!

"Қасым Қайсенов" Хамит Ерғалиев

Әжем айтса ертегінің маңызын,
Тез таусылып қалушы еді таң ұзын.
Ендігіге біздің Қасым Қайсенов –
Ертеңгіден ұзағырақ аңызым.

Ерлерім көп, мен де соның бірімін,
Жөні басқа аңыз болған тірінің –
Жөні басқа оттың, судың, жел құздың
Адамзаттан жаратылған пірінің.

Қасымым көп, мына Қасым – бір Қасым,
Ажалмен де ойын – сауық құрғасын...
Бір қарасаң, жаны нәзік жауқазын,
Бір қарасаң, балқымайтын қорғасын.

От көрдің бе қар жамылып, сөз төсеп,
Маздап жанған тамызыққа мұз көсеп?
Ондай отты ала алмаған Прометей,
Ондай отты біз табамыз іздесек.

Ол - партизан аталып жүр бертінде,
Бес сөндірсен, он жанатын бір түнде.
Бірін атсаң, ертеңіне – екеу ол!
Жұртым десең, осыларша жұртым де!

Қасым – сол от! Көркі оттың көркінде; -
Жалын жанып тұрады оның бөркінде!
Бақ пен сорға түкірген ол, маңдайдан
Қос шырақтың бірін алсаң - еркінде...

Құз басынан құласа да бір түнде –
Бәрі бір ол баз баяғы сертінде, -
Халық дейтін періштесі қаққан соң,
Оған ешбір дарымайды дертің де!

Мен отырам осы жайды ойлап қап,
Теңеу іздеп мысқалдап та, оймақтап.
Қасым болса, айғай салып жүреді
Қарлы шыңда машинамен ойнақтап.

Шүкір!.. Аңыз Қасым інім қасымда,
Өлмеу үшін жаралған соң басында...
Саспа, құрбым, шөберең де көреді
Бұл тентекті бір жүз алпыс жасында!..

Мен—дағы өр найманның Қасымымын,
Демеймін қатардағы жасығымын.
Тағдырдың талайынан талмай өткен,
«Алтайдың алшы түскен асығымын».

Жарты ғасыр олжа өмір сүріппін,
Соған мез боп, бос масайрап жүріппін.
Бойымда бар жазушылық, ақындық,
Қайсыбірін ол кезде мен біліппін?!

Өмірімнің көбі өтіп, азы қалды,
Көңілде сүйгенімнің назы қалды.
Алдымнан кәріліктің қысы түсіп,
Артымда қайран жастық жазы қалды.

Адаммын басымнан сөз асырмайтын,
Ашықпын ішіме сыр жасырмайтын.
Өр мінез тағы бар кеуде соғар,
Ешкімге тізе бүгіп бас ұрмаймын.

Қасым Қайсенов

Барша алаштың бағасы

1993 жыл Мұзафар Әлімбаев

Қашанғы қарайламай білісіме,
Қызығам бітімінің ірісіне.
Алғандай тұтас қалпы таудан кертіп,
Алпамса!..
қорбаң-қорбаң жүрісі де...

Бас иіп іштен, сыйлар бар танысы,
Жоқ оның көңілінің қалтарысы:
Ашықтық, адалдығы боямасыз,
Адамды магниттей тартар күші.

Беделге белін бүкпес безбүйректей,
Қасымда баса алмайды сайтан мысы.
Өзімен дәмдес болған, сөзін естіп,
Солай деп айтады үлкен, байқар кіші.

«Тағдырдың таразысы қалтылдаған,
Қалсын, - деп қатер-өрттен халқым аман».
Ажалды бет бақтырмай қағып Қасым,
Жасындай жау үстінде шатырлаған.

...Теңеуін толғап-ойлап таба алмай да,
Тегінен іздемесем барам қайда!
Оллаһи, осындай-ақ болған шығар,
Бабасы Қаракерей Қабанбай да.

Қасым ол қазақ емес қатардағы,
Шарт емес қаулы-заңмен аталмағы.
Қайсенов бар алаштың бағасында,
Халықтың қастер тұтар қаһарманы.

Дара батыр

Қасым аға, Халық батыры атағыңыз құтты болсын!

1995 жыл, 20 мамыр

Асқар Егеубаев

Асқар Алтай алыбы –
Жомарт жүрек жайсаңым!
Дүниенің жарығын
Жанмен сезген қайсарым!

Асубұлақ аялап,
Ашулы Алтай шыңдаған.
Кәрі Карпат саялап,
Сынағанда – сынбаған.

Асау Ертіс тербетіп,
Арқа, Алатау жебеген.
Қасым аға келбетін,
Бар қазаққа теңер ем!

Түр-өңінде: Батырлық,
Жүрегінде: Даналық!
Жаны тұнған ақындық,
Жаны толған ағалық!

Тағдырымен таласқан,
Қазағымның өзіндей!
Эпостарға жарасқан,
Батырлардың көзіндей...

Жарытуға қазақты,
Керек әлі ғасырлар.
Танытуға қазақты,
Керек әлі Қасымдар!

Бар қазақтың ағасы –
Дарабозы Халықтың.
Батырлардың дарасы –
Алып аты Алыптың!